

ӘОЖ 168.522 (574)

Ж.Д. Датқа, Т.Х. Ғабитов\*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*E-mail: tursungabitov@mail.ru

### Мәңгілік қазақ елі болудың рухани-мәдени негізі

2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев кезекті халыққа Жолдауын: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», – деп бастады. Бұл орайда елең еткізген жаңалық – тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы. Бұл – Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады. Сол себепті бұл мақалада Мәңгілік қазақ елі идеясының құрылуына қазақ тарихы, рухани мәдениеті қалай әсер еткені, бұл идеяның бастамасы екені көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** Президент, Жолдау, саяси бағдар, ұлттық идея, «Мәңгілік Ел», қазақ халқының рухани мәдениет.

Zh.D. Datka, G. Tursun

### Spiritual and cultural basis of formation of the kazakh nation

The president of the Republic of Kazakhstan Nursultan Abishevich Nazarbayev to the people of January 17, 2014 began the message thus: «I announced a new political program of development till 2050 a year ago. Main goal of the program – entry of Kazakhstan into 30 developed countries of the world. It is the correct direction of an idea «Mangilik el», it is reached perfection a new era in the history of the people. Here it is necessary to pay attention to that that, the first state idea appeared officially the «Mangilik el». It is idea – an essence of a conclusion of national idea of the Republic of Kazakhstan. We won't be mistaken if we tell that idea The «Mangilik el» the uniform historical purpose and a patriotic appeal of compatriots. The mentioned idea not only the purpose of which for centuries the Kazakh people, but also a courageous merit and result continuous creativity of the people on the way to Nezavisimosti dreamed. Now deeply to explain the concepts The «Mangilik el» and to show historical bases are important mission. Therefore my article is devoted to idea The ««Mangilik kazakh el» and as it is influenced by history, spiritual culture of the Kazakh people, and also in article it is told that it all are the beginning of idea.

**Key words:** The president, Message, political program, national idea, «Mangilik YEL», culture of the Kazakh people

Ж.Д. Датқа, Т.Х. Ғабитов

### Духовно-культурная основа становления казахского народа

Президент Республики Казахстан Нурсултан Абишевич Назарбаев свое Послание народу от 17 января 2014 года начал так: «Я год назад огласил новую политическую программу развития до 2050 года. Главная цель программы – вхождение Казахстана в число 30 развитых стран мира. Это – правильное направление идеи «Мәңгілік ел», это достигшая совершенства новая эпоха в истории народа. Здесь нужно обратить внимание на то, что официально объявляется первая государственная идея «Мәңгілік Ел». Эта идея – суть вывода народной идеи Республики Казахстан.

Мы не ошибемся, если скажем, что идея «Мәңгілік Ел» – единая историческая цель и патриотический призыв соотечественников. Упомянутая идея не только цель, о которой веками мечтал казахский народ, но и смелая заслуга и результат непрерывного творчества народа на пути к Независимости. В настоящее время важными задачами являются глубоко разъяснить понятие «Мәңгілік ел» и показать его исторические основы. Данная статья посвящена идее «Мәңгілік қазақ елі» и раскрывает, как на нее влияет история, духовная культура казахского народа, что это все является началом идеи.

**Ключевые слова:** Президент, Послание, политическая программа, национальная идея, «Мәңгілік Ел» духовная культура казахского народа.

Кез келген мемлекеттің тарихи жолы және қазіргі даму сатысының ерекшеліктері оның экономикалық және саяси жағдайымен ғана анықталмайды, сондай-ақ рухани-мәдени және материалдық деңгеймен анықталады. Осыған байланысты, қазіргі күннің шынайылығы оның құндылығымен, сонымен қатар ұлттық дәстүрімен, тарихи дамуымен анықталады. Біз қаншалықты мемлекеттің болашағы туралы айтқанымызбен, оның саяси мәдениеті және қоғамдық таптаурындар, этникалық дүниетаным және ділі ұлттық мәдениет болғанша өзіндік мәндерін сақтай алады.

Сондықтан Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекет білім, ғылым және мәдениетті басымды дамытуды қамтамасыз етеді деген жағдайдың болуы кездейсоқ емес. Мәдениет мемлекет тәуелсіздігін қалыптасу және бекіту, нағыз егеменді және халықтың өзіндік ерекшелігі үдерісінің іргетасы болып табылады.

Осы жағдайда Қазақстан халқының мәдениетіне қайтадан жаңа және толық мөлшерде өзіндік бейнесін иелендіру керек. Басымдылық, сөзсіз, қазақ мәдениетіне берілуі керек, яғни, мемлекетке немесе тек Қазақстанға тарихи атау берген халықтың мәдениеті және ол еш жерде өзінің шынайы жаңаруды және қажетті дамуды ала алмайды.

Бүгін қазақ халқы өзінің түпнұсқалық мәдениетін ұсына алатын дәрежеге жеткенін сенімділікпен айтуға болады, сонымен қатар, барлық әлем халқы бірнеше ғасырларда қазақ халқымен қандай бай рухани мұра құрылғанын көре алады, бағалай алды және түсіне алады.

Жаңа саяси-қоғамдық және экономикалық реалия қазақ халқының өзіндік танымын өзгертеді. Әлемнің, қоғамның, халық тарихының көрінісі өзгереді. Ұлттық өзін-өзі тану шалқып өсуде, онымен қоса, туған елдің шынайы тарихына қызығушылық та өсуде [1].

Мұндай ұлттық тарихқа үндеу тек тарихқа қызығушылық ғана емес, сонымен қатар бола-

шаққа бағдар іздеу үшін айтылған. Сондықтан, шетелде екі мыңжылдықты өзінің өткен уақытын жан-жақты қайта ойлаусыз айналып кету мүмкін емес. Бұл маңызды, себебі халықтың тарихи есін қалпына келтіру және болашақты басқаша ойлау нағыз тәуелсіз мемлекет құрудың және бекітудің маңызды элементі болып табылады.

Жалпы әлем мәдениетінің дамуы отырықшылықпен және шаруашылықпен байланысты болды. Ал Қазақстан тарихы кезінде көшпелі империя – Түрік қағанатын құрған Орталық Азия елдерінің тарихынан жасанды алшақтады. Бұл өркениеттің жаңа түрі, ол XX ғасырға дейін өзінің әлпетін сақтап келген. Көшпелі қоғамда белгілі бір этикалық-этникалық құндылықтар пайда болды. Көшпенділер үшін, үлкендерді және ата-бабаларымыздың өсиеттерін құрметтеу ең басты сезім болып табылады, бұл – сыртқы тарихи ес [2].

Сонымен, қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетінің маңызды бір саласы – қазақ шежіресі екені анық. Қазақтың байырғы салт-дәстүрі бойынша әрбір қазақ азаматы өзінің жеті атасын білуге тиісті еді. Мұны балаларына үйрету әрбір атаның, отбасы тәрбиесінің негізі болды. Тек ата-анасынан айырылған жетімдер ғана мұндай тәрбиеден қалған. Соның үшін қазақ қауымы «жеті атасын білмеген жетімдіктің салдары» дейді. Ру, тайпа және жүздің шежіресін таратып айта алатын адамдар халық ішінде құрметтеліп «шежірешілер» деп аталды.

Сонымен қатар, Қазақстанның тәуелсіз өмір сүруіне қажетті жағдай – жоғары деңгейлі мәдениет пен рухани деңгей, сондай-ақ экономиканың, инфрақұрылымның, ұлттың денсаулығының дамуы да бар. Адам ниетін сақтау, оның тілі мен дәстүрлерін сақтау басқа сұрақтардан маңыздырақ. Себебі, ұлттық ниет – ұлы күш және біз оның қуаты жемісті шығыспен болсын деп әрқашан ойлауымыз керек.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жиырма жылдан аса егемендігі қазақ ұлтының,

оның мәдениетінің, тілінің және дәстүрінің сақталуына себептеседі. Және де мұндай сақтау Қазақстанның көп ұлттылығының шеңберінде іске асырылады. Қазақстан Республикасының Конституциясында барлық ұлттардың теңдігі, олардың тілдерінің және мәдениеттерінің қоғамдық және басқа да өзгешіліктерге қарамастан тең екені туралы айтылған.

Егеменді Қазақстанның болашағы халқының қолында, олар жалпыадамдық құндылықтарға, ұлт арасындағы келісімдер мен қазақ патриотизм қағидаларына сүйене отырып, қазақ өркениетінің дамуының жаңа сатысы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президентінің кезекті Жолдауында айтылғандай: «Біз бәріміз бір атаның ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз – тәуелсіз Қазақстан [3].

Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. Осы идеяны әрқайсысымыз сезініп, өмірлік сабақ ретінде түйсек, осы жолда бар әлеуетімізді салсақ, 2050 жылы мұрат еткен «Мәңгілік Елге» жететінімізге сенімдімін», – деп «Мәңгілік қазақ елі» идеясын ұсынған болатын.

«Қазақ елі» немесе «Мәңгілік ел» идеясы – Қазақстан Республикасының Жолдауының өзекті мәселесі болды және қоғамда қызу талқыға салынууда.

Қазақстанның мәдени мұрасының қазіргі жай-күйі сан ғасырлық дәстүрлерді сақтау мен одан әрі даму жөніндегі шаралар кешенін қолдан келгенше қамтамасыз етумен, тарихы мен мәдениеттің жаңа ескерткіштерін ашумен, кесенелерді, ескі мешіттерді, ежелгі кенттерді тұмшалаумен, қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жандандырумен, олардың негізінде жаңа тарихи-мәдени мұражай-қорықтардың құрумен сипатталады. Тарихи және этнографиялық бейіндегі мемлекеттік мұражайлардың, Қазақстан тарихындағы есте қалатын оқиғаларға арналған мемориалдық тармақталған желісі жасалды.

Соңғы жылдары Астана қаласының мәдени инфрақұрылымын жақсарту жөніндегі шаралар қолданылды: республика астанасында қазақ музыкалық комедия театры, мұражайды, кітапхананы және концерт залын қамтитын Президенттік мәдени орталығы ашылды. «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы», «Мәдениет туралы», «Ұлттық мұрағат қоры

және мұрағаттар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары қабылданып, күшіне енді.

Сонымен қатар, мәдени мұраны қорғау мен дамыту саласында қалыптасқан ахуал осы бағыттағы қызметті одан әрі дамыту мен жандандыруда кезек күттірмейтін кешенді шараларды қолдануды талап етеді. Қазақстанның ұлттық тарихы үшін маңызы зор мәні бар көптеген тарихи, археологиялық және сәулет объектілері шұғыл көмекке мұқтаж. Осымен байланысты өскелең ұрпақты Қазақстандық отаншылдық рухында тәрбиелеу және тарихи, мәдени мұраны жан-жақты зерделеуде ақтақтарды жабу, сондай-ақ қазақ халқының сан ғасырлық рухани тәжірибесін қорыту мақсатында мемлекеттік тілде тарихи, көркем, ғылыми толық шығармалардың шығарудың мәселелері ерекше өзекті болып отыр. Қағаздан, желімнен, теріден, қатырма қағаздан және т.б. органикалық материалдардан жасалған жазба мұраның, құжаттардың табиғи сарғайып-ескеруі орын алуда. Осыған орай, Қазақстан Республикасында «Мәдени мұра» деп аталатын Мемлекеттік бағдарлама қабылданып, соның аясында жоғарыда берілген мәселелерді кешенді түрде шешу ісі қолға алынды. Бұл Қазақстан халқының мәдени мұрасын зерделеу, сақтау және кейіннен таныстыру жүйесін одан әрі дамытуға ықпал ететін болады.

Сондай-ақ, Елбасы Н. Назарбаевтың көреген басшылығымен қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында шығып жатқан кітаптар тарихи жадымызды жаңғыртуға жол ашты. Әлем елдері арасында жер көлемі жөнінен 9-шы орын алатын Қазақ елін, қазақ жерін білектің күші, найзаның ұшымен қорғай білген тарихи тұлғаларымызды-батырларымыз бен билерімізді, ақын-жырауларымызды, небір жақсы-жайсаң асыл-арыстарымызды ұлықтау, олардың ерлік істерін ұлан-ұрпаққа үлгі етіп насихаттау – шын мәніндегі елдігіміздің белгісі болса керек.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр», деген еді [4]. Енді міне «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыз – түркілердің Мәңгілік Ел идеясын – Қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жариялап отыр.

Жалпы, ежелгі түркілердің «Мәңгілік ел» идеясын екі мағынада алып қарастырған дұрыс. Біріншісі кең мағынада – біртұтас түркі елі немесе қағанат, бірнеше ұлыстар мен ру-тайпалық мемлекеттерді біріктірген ірі бірлестік, ал екіншісі – тар мағынада, яғни жекелеген түркі мемлекеттері немесе хандықтар мен ұлыстар. «Мәңгілік Ел» идеясының алғаш рет манифест, яғни үндеу тұрғысынан жарияланғаны – кең мағыналық сипатта еді. Өйткені, ол кезде түркі жұрты – Ұлы Түркі қағанатын, яғни біртұтас елін құраған заман болатын.

Ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш тұғырдан, яғни үш негізден тұрады: оның біріншісі – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» манифесі, екіншісі – әл-Фарабидің философиялық шығармаларында, әсіресе, «Қайырымды қалада» бұл идеяның теориялық-методологиялық тұрғыдан тиянақталуы және үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастаны. Бұлардың бәрі бір-бірімен тығыз байланысты, бір заманның жемісі және өзіне дейінгі бабалар мұратымен жалғаса отырып, кейінгі ұрпақтарының құрған мемлекетшілдік, яғни «Мәңгілік Ел» идеясымен сабақтасады.

Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі.

Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр.

Көне түркі жазба ескерткіштерін алып қарастырсақ, біріншіден, олардың заттық, яғни материалдық сипатқа ие болып, еркіндік, азаттық пен тәуелсіздіктің нышандарын айғақтайтын мемлекеттік рәміздер белгілерін көруге болады. Мысалы, Күлтегін ескерткішінің ұшар басы бөрі бейнелі бесбұрышты қалқан түрінде ойылуы кездейсоқ емес. Көк бөрі түркі халықтарының ежелгі тотемдік нанымына негізделгендігі белгілі. Түркілер әулетінің негізін қалаған Ашина

Алтай тауына қоныс тепкеннен кейін, «өзінің тегін ұмытпайтындығын елге жария ету үшін қақпасына қасқыр басты туын іліп қойды», делінген қытай жылнамаларында. Толық бөрі бейнесін оның басы арқылы беру «тұтастықты бөлшек арқылы беру» деген ғылыми принципіне негізделген. Мұндағы бөрі бейнесі көркемдік емес, саяси-әлеуметтік, яғни елдік пен еркіндікті, тәуелсіздік пен азаттықты айшықтайтын тудың рәміздік нышаны. Бөрінің бейнесі көптеген түркі тайпалары мен руларының таңбасы болған. Қазір де кейбір түркітілдес халықтар қауымдастығының рәмізі ретінде қолданыста.

Л.Н. Гумилев те Орхон-Енисей ескерткіштеріне талдау жасағанда руникалық жазулар эпитафиялық емес, публицистикалық сипатта деп жаңа бір пікірді білдірген болатын: «үш жазудың мәтіндері де түркілердің барлық қоғам мүшелеріне үндеу тұрғысында айтылған, оның өзінде ештеңемен бүркемелемей, халықты сендіргісі келеді. Ендеше, жазу – үндеу, ондағы берілген материал таңдап алынған. Мұндай жанрдың болуының өзі сөздің түркі қоғамында нақты күш екендігін көрсетеді. Олай болса, дамыған қоғам және қоғамдық пікір де бар». Ендеше, бұдан шығатын қорытынды: «Мәңгілік Ел» – көне түркі жазба ескерткіштерінде Ұлы Түркі қағанаты мемлекетінің манифесі ретінде жария етілген.

Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім – әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері ашылды. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда түркітілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс.

Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Сыртқы міндеті ретінде мемлекеттің



қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастырумен жүктеледі. Ішкі міндеті ретінде мемлекеттің өз халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды іске асыру керек: олар – әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оларды керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру. Қалған мәселелердің бәрі – экономикалық және саяси мәселелер – негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді.

«Құтты білік» дастаны орта ғасырларда өркениетті ел болған Қарахан әулеті мемлекеті түріктерінің тілінде жазылғаны белгілі. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікті» 1069-1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашқар қаласында аяқтаған. Қарахан әулеті билік жүргізген дәуірде ұлан-ғайыр өлкені алып жатқан осы мемлекеттің басқару тәртібін белгілейтін ережелер сондай-ақ, қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын тиісті заңдар жоқ еді. Міне, елдегі осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» дастанын жазды. Демек, дастан белгілі бір мағынада елдегі Ата Заң (Конституция) қызметін атқарған. Шығармада ел басқарудың, экономиканы, әлеуметтік-тұрмыстық ахуалды, әскери істі ұйымдастырудың, шаруашылықты, тағы басқа да мемлекеттің әл-ауқатын жақсартудың ерекшеліктері суреткерлік-философиялық тілмен баяндалады. Жүсіп Баласағұн дастанда патшалар мен уәзірлердің, хан сарайы қызметкерлері мен елшілердің, әскербасылар мен нөкерлердің, тәуіптер мен аспаздардың, диқандар мен малшылардың және т.б. қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігін жеке-жеке баяндап шығады. Әрине, «Мәңгілік Ел» идеясының негіздерін Елбасы Жолдауынан кейін жедеғабыл жазылған газет мақаласында толық ғылыми талдау мүмкін емес. Біз оны тезистік тұрғыдан қысқаша баяндауға тырыстық. Бұл мәселе кейін үлкен ғылыми жобаларда зерттелуі тиіс.

Түркі мемлекеттерінің сабақтастығын жекелеген хандықтар құрылған заманда жалғастырған тұлғалар: Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан, Абылай хан мен соңғы Кенесары хан еді. Таяуда елордалық жастардың «Жас азамат» ұйымы Астананың «Жастар» шағын

ауданы аумағында орналасқан көне қорымнан хан Кененің ел тәуелсіздігі үшін жанын қиған 200 сарбазының рухына арнап қойылған көне құлпытасты тапты. Қабір басына тұрғызылған тастағы мәтін де, сол көне түркілердің тас бітіктеріндегі эпитафиялық мәтіндерге өте ұқсас болып келеді.

Абылай хан дүниеден озар алдында Бұқар жыраумен қоштасып жатып: «Қанша жыл өмір сүріп, жасағанымнан не пайда, қазақтың арқасын тамға, аузын нанға сүйегенім жоқ, бұл – бір. Ақбозаттың құнын ер құнына теңегенім жоқ, екі. Мылтығымның құнын екі ердің құны дегізгенім жоқ, ұста мен етікшінің құнын қатын құнымен бір бәс қылып, жарты құн дегізіп кесім кестіргенім жоқ, мұным үш. Осы үш арман бойымда кетті» деген екен. Абылайдың осы үш арманының арғы жағында үлкен философиялық ой, даналық тұжырым бар. Бұл оның қазақтың басын біріктірсем, яғни «Мәңгілік Ел» етсем дегенін, ел болашағын тереңінен ойлағанын пайымдатады.

Осы Абылай арманы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастауымен Қазақстан егемендік алғаннан бері соңғы 20 жылдан астам аз уақыттың ішінде орындалып келе жатқанының куәсіміз. Кезінде түркі жұрты қағандары «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, қара терін төгіп, қызыл қанын ағызып» «Мәңгілік Елдің» іргесін қалап кетсе, дәл осыны жаңа дәуірде Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев XXI ғасырдағы «Мәңгілік Ел» идеясы тұрғысында, іс жүзінде тарихи сабақтастықта жалғастырып отырғанын атап өтсек артық кетпейміз. Оған Елбасының кешегі Жолдауындағы «Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым», деген сөзі айшықты айғақ.

Түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сартқожаұлының «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналында: «Мәңгілік ел – түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Тұй-ұқық) негізін қалаған идея...» – екендігін жазған [5]. Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел – мақсаты түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске

асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуға. «Күлтегін» жазуының қазіргі қазақ тілінің нормасына келтірілген Ғұбайдолла Айдаровтың нұсқасында: «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» – деген жолдар бар. Бұл жерде елдің тарих сахнасынан кетпей, сақталуын тілейді. Мәңгілік ел дегеніміз – мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады. Орхон өзенінің бойында Түрік қағанатының Ордабалық деген астанасы болған. Қағанаттың хан ордасы мемлекеттің ішкі ядросы. Оны қорғайтын арнайы полиция (тұрғақ деп аталған) және оған қоса тұрақты әскер (шерік деп аталған) пайдаланылды. Ішкі қорғаныс деп атаған екінші шеңбер белдеуін түрлі тайпалар қорғап тұрды. Үшінші шеңберде он-оқ Түркештер тұрды. Қырғыздар, Кидандар, Татабилер, Таңғыттар, Басмылдар да үшінші шеңбердің қорғаушысы болды. Осы үш шеңбер тұтас империяны қорғап тұрды. Түріктер осы 3 шеңберді орнатып болған соң, «Мәңгілік ел» идеясын нық бекемдейді.

Ғұлама ойшыл, сазгер, қобыз жасаушы Қорқыт бабамыздың өлімге қарсы тұрып, мәңгі өмірге ұмтылуы, тек Қорқыттың ғана емес, сол замандағы билеушілердің елдің мәңгі өмір сүруін қалағандығын білдіреді. М. Әуезов Қорқыттың мәңгілік өмір туралы толғаныстарының негізгі философиялық түйінін аша келіп, оның болашақ ұрпақ үшін дүниетанымдық маңызы зор, мәңгілік мұра екенін атап өткен. Қазақ халқы арасында тараған аңыздардан Қорқытты бірде айтулы күй атасы ретінде көрсек, енді біразында ол өлім атаулыға қарсы шара іздеген қамқоршы ретінде көрінеді. Қорқытты мәңгі өмірді іздеген, бақилық болғысы келмеген деген түсінікті, халқына жерұйықты іздеген Асанқайғымен түсіндіруге болады. Асанқайғы өз халқы үшін ең қолайлы, ең құнарлы жерді іздегендігі белгілі. Утопиялық көзқарастағы Асанқайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты, халқының жайлы жерге қоныстанып, болашақта мәңгі ел болуын қалаған.

Көрнекті еуразияшыл ғалым, тарихшы-этнолог Л.Н. Гумилев «От Руси к России» атты еңбегінде: «Еуразия құрлығы үш рет біріктірілді. Алғашында оны Ұлы Түркі қағанатын құрған көне түріктер біріктірді. Түріктерден кейін Шыңғыс хан бастаған моңғолдар, кейіннен Ресей өз қолына алды» – дейді [6]. Л.Н. Гу-

милев Еуразия құрлығының бірлігі, мәңгілігі туралы ойын көне түріктерден бастайды. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен қалыптасып жатқан Еуразиялық идеясының негізінде Ресейлік емес, түріктік ынтымақтастыққа қол жеткізіп, көне түріктердің мәңгілік ел идеясының өміршеңдігін дәлелдеуіміз керек. «Тұтас түрік елі» идеясынан «біртұтас Түркістан» идеясына дейінгі бабаларымыздың атқарған істері едәуір. Елбасы Түрік бірлігі идеясын тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап көтеруде. Ел азаматтары мен Қазақстан саяси элитасының ұлттық идеология қалыптастыру жолындағы ойларын Елбасы сараптады. «Біртұтас Түркістан идеясы», «Түркістан конфедерациясы», «Еуразиялық одақ идеясы», «Қазақстандық ұлт идеясы», «Жер-ұйық», «Атамекен», «Қазақ Елі идеясы» сынды ұғымдар арқылы мемлекет құрушы қазақ халқы мен тарихи тағдыр тоғыстырған ұлттарға ортақ боларлық идея, мемлекеттік мәнге ие боларлық идеология қарастырылды. Мәңгілік Ел идеясы – қазақ ұлтының мақсат-мүддесіне және елімізді ортақ Отан еткен жүз отыздан астам ұлттар мен ұлыстардың ұлттық идеясына негізделген идеология болатынына сенуге болады.

Еуроцентристік көзқарас бойынша түркітілдес халықтардың ынтымақтастығына деген сын айтушылар көп. Түркі интеграциясын Т. Рысқұлов пен М.К. Ататүрік бастаса, кейін нақты практикалық шараларды қолға алған ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың шешуші саясаты өз жемісін берді. Н.Ә. Назарбаевтың түрік халықтарының бірлігін нығайтудағы тарихи рөлінің қаншалықты маңызды болғанын аңғаруға болады. Қазақстан Халықаралық «Түрксой» ұйымына қолдау көрсетіп, түрік дүниесінің барын бағалап, жоғын түгендеуге жол сілтеді. Халықаралық аренада Қазақстанның беделі нығайған сайын, түрік мемлекеттерінің бірлігі идеясы ашық әрі табанды насихаттала бастады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Тарихтың алға қойып отырған өктем талабы әрбір түрік еліне әртүрлі салада саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық тәсілдермен бірігу проблемасын шешудің бәріне бірдей тең институттық тетіктерін жаппай-тұрмай іздестіруді міндеттейді», – дей отырып, түрік мемлекеттері интеграциясының тиімді жолдарын іздеу қажеттілігін көрсетті.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2000 жылы 14 жел-

тоқсанда латын алфавитіне көшу мәселесіне қатысты өз пікірін білдіре келіп, өте мұқият дайындықтан соң латын алфавитіне көшетінімізді айтты. Бұл жерде Тонькөк негізін салған «Мәңгілік ел» идеясын қалпына келтіруші, жандандырушы Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың қазақ халқына славяндық кириллица емес, түркі тектес бауырларымыз қолданатын латын қарпіне көшудің қажеттілігін айтты. «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Түркі халықтары жұмылған жұдырықтай болып біріккен кезде геосаяси өмірге тең құқықты субъект ретінде ықпал ете алады, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда қайдағы бір енжар, ынжық элемент ретінде емес, өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсете алады. Бұл бағыттағы алғашқы игі қадам ортаазиялық одақтың құрылуы болды. Оның шеңберінде біздің бәрімізге ортақ мәдени ұқсастығымызды жете сезіну арқылы деңгейіміздің көтеріле түсетіні сөзсіз» – деп түрік бірлігінің болашағына зор үмітпен қарады.

Қазіргі кезде, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастама-сымен жүргізілген түркітілдес мемлекеттерді жақындастыру саясаты, елімізді Орталық Азияның көшбасшысына айналдыру идеясы өз жемісін берді. Оған Түркістандағы Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ашылуы, Түркияның «Түрік ошақтары» қоғамдық ұйымынан Н.Ә. Назарбаевқа «Түркі әлеміне қызмет» марапатының берілуі, Астанада Түркі академиясының ашылуы, сонымен қатар, Анкара қаласындағы «Генчлер» саябағына Н. Назарбаев ескерткішінің орнатылуы, Түркия Президенті Абдулла Гүлдің Президент Н. Назарбаевты «түркітілдес халықтардың көшбасшысы» деп бағалауы – Елбасының түркі әлемін біріктіру, экономикалық және мәдени салаларды тығыз байланыстыру жолындағы тарихи еңбегіне берілген әділетті баға болды. Елбасының түркі интеграциясы жолындағы қызметінің мақсаттарының бірі – экономикалық ынтымақтастыққа негізделген.

XXI ғасырды Түрік мәдениетінің ғасыры болады деп болжам жасаушылардың қатары күн санап артып келеді. Осы орайда Түркі кеңесі Бас хатшысының орынбасары, түркітанушы ғалым Дархан Қыдырәлі: «Енді осы Еуразиялық кеңістікті толтыра беруіміз керек. Түріктің бойындағы пассионарлық қасиет қайта оянууда. Түркі мәдениетінсіз, түркілік санасыз, түркі тарихынсыз Еуразия кеңістігін елестету мүм-

кін емес. Ежелгі түркілер, сақтар мен скифтер, ғұндар мен қыпшақтар Еуразияның ең даласын еркін қоныстанған. Бүгінгі түсінікпен алғанда, Алтын Орданы да Еуразиялық мемлекет деп атауға болады. Біздіңше, Шыңғысхан идеялық тұрғыда ұлы түркілік идеяны көтеріп, қос мұхиттың арасын мекендеген халықтың жадындағы тарихи сананы қайта жаңғыртқан», – дейді.

Белгілі тарихшы, 1837-1847 жылдардағы Кенесары Қасымов бастаған қазақтардың көтерілісі жайында диссертация жазған ғалым Елтоқ Ділмұхамедовтың қызы Эльза Ділмұхамедова Л.Н. Гумилевтен сұхбат алады. Лев николаевич Гумилев «Қазақтың пассионар тұлғасы кім?» деген сұраққа: «Ол, әрине, хан Кенелерің» деп жауап беріпті. Эльза Елтоққызы «Қазақстанды алда не күтіп тұр?» деп сұрайды. Сонда ол: «Қазақстанда таяу уақытта мықты серпіліс, пассионарлық дүмпу болады» деген екен. Бұл жерде Л.Н. Гумилевтің этностардың өмір сүруі теориясы бойынша әрбір ұлт, әр халық 1200-1500 жылдай өмір сүреді. Осы кезеңде халықтың туып, өсіп-өркендеп, даму шыңына жететіні, содан соң біртіндеп құлдырап құрдымға кететіні дәлелденген. Осы эволюциялық үрдіске 1500-дей жыл кетеді екен. Ал Қазақ хандығы XV ғасырдың ортасында құрылды. I ғасырдың орта шенінде қазақ халқы пайда болады. Соған қарағанда, халықтың даму жолының шырқау шегіне жақындап қалдық деп ойлаймын. Эльза Ділмұхамедова Гумилевке тағы да бір сұрағын қойып, «халықтың күшейіп бара жатқанын қалай білуге болады?» дейді. Сонда ғалым: «Оның белгісі сол жерде алқалы жиындар өтеді. Халық пассионарлық болып жатса, тарихын зерттейді. Пассионар тұлғалар көбейеді. Алдымен бір адам туады, ол өз ойларымен екінші адамның ойын қозғайды. Және адам баласының ойына келмейтін биік мақсаттар қойып, елді жұмылдырып, соған қол жеткізеді. Міне, пассионар халықтың белгісі осындай» деген екен [7].

Гумилевтың айтқан сөздері жаңа дәуірге қадам басып жатқан Қазақ елінің қазіргі жағдайымен тұспа-тұс келеді. Гумилевтың «алқалы жиындар өтеді» дегені түркі ұрпақтарының ынтымақтастық жолында атқарып жатқан шаралары болса, «тарихын зерттейді» дегені түркі академиясының құрылуы және де 2013 жылы 5 маусымдағы М. Тажиннің ұлттық тарихты зерделеу бағдарламасының жариялануы, сонан кейін, «бір адам туады» дегені Ұлт Көшбасшысының дүниеге келуі, сонымен



қатар, «адам баласының ойына келмейтін биік мақсаттар қойып, елді жұмылдырып, соған қол жеткізеді» дегені Елбасының Қазақстан 2030 стратегиясын мерзімінен бұрын аяқтап, дамыған 30 елдің қатарына кіру бағытын алға қоюы деуге болады.

Көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш негізден тұрады: оның біріншісі – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы, екіншісі – әл-Фарабидің «Қайырымды қалада» философиялық шығармасында, әсіресе, бұл идеяның теориялық-методологиялық тұрғыдан тиянақталуы және үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастаны. Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр.

Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім – әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері көрсетілді. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда түркітілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс. Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап береді.

Сыртқы міндеті ретінде мемлекеттің қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастырумен жүктеледі. Ішкі міндеті ретінде мемлекеттің өз халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды іске асыру керек: олар – әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оларды керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру. Қалған мәселелердің бәрі – экономикалық және саяси мәселелер – негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді.

«Құтты білік» дастаны Қарахан мемлекеті түріктерінің тілінде жазылғаны белгілі. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікті» 1069-1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашқар қаласында аяқтаған. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы, араб-парсы әдебиетінің көшірмесі емес. Дастанда X–XI ғасырлардағы Жетісу жерінде тұрған тайпалардың салт-санасы, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері көп жырланған. «Құтты білік» кейіпкерлерінің есімдері де бұрынғы тәңірілік дін нанымдарына қатысты. Басты бейне Күнтуды – әділ ел басшысының рәмізі. Бұл бейне «Күлтегін» («Түркі қағанаты туралы сөз») жазуларынан басталып, әл-Фараби мен Қожа Ахмет Ясауи армандаған түрік мәдениетіндегі үлгі, мұрат тұлғаның бастысы. Жүсіп Баласағұнның басты кейіпкер қылып Күлтегінді көрсетуі түркі мәдениетін жалғастырушы, мәңгілік ел бағдарының қолдаушысы екендігін айқындайды [8].

XVIII ғасырда Қазақ хандығының басын қосып, Айдаһардай Қытайдың аузына түсірмей, ақырған аюдың тырнағынан аман алып қалған Абылай ханның саясаты түркілік мәңгілік ел идеясын жандандырушы тұлғаның ерлігі. Шығыстағы ежелден дұшпанымыз қытайлар жоңғарларды қазақ жеріне айдап салып, сол арқылы қазақ жерін де, жоңғарларды да өзіне қарату еді. Осы соғыста не қазақ, не жоңғар, болмаса екеуі де құруы керек екендігі алпауыт елдердің жаттанды саясаты еді. Бірақ қазақ елі аман қалды. Қазақтың бақытына орай Абылай хандай дара тұлға тарих сахнасына келді. Нәтижесінде бұл соғыста қазақ емес, жоңғар 1758 жылы тарих сахнасынан мүлдем жойылып кетті. Ел басына түскен үлкен қиыншылықтан Абылай хан бабамыз елді біріктіріп, жұмылдырып, соның арқасында қазақ елін аман сақтап қалды. Ендеше, Абылай хан елді біріктірген ұлы тұлға



және «мәңгілік ел» идеясын жалғастырушы екендігін мақтанышпен айтуға болады.

Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының салынуы «Мәңгілік Ел» идеясының мелекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі. «Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Осыдан кейін, «Мәңгілік Ел» «Алла Тағаланың елі, халқы» дегенді білдіреді және мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары болады деуге толық негіз бар. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні – мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының сенаторы Ғарифолла Есім осы «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыруда, жастарды жаңа қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуде назар аударатын басты жеті мәселе бар екендігіне тоқталды.

Әрбіреуіне тоқтала кетейік. Біріншіден, Мәңгілік ел идеясы – патриотизмнің, отансүйгіштіктің қайнар бұлағы болуы үшін қазақ елінің азаматтары тегіс, әсіресе, қазақтар бай, ауқатты болулары керек, деп есептейді Есім. Себебі, егер өз ұлтымыз бай болып, мемлекетімізді басқармаса, елімізді, жерімізді басқа жұрттың бай, ауқатты азаматтары билеп, төстеп кетпек.

Екіншіден, қазақ жастары Мәңгілік елге айналдыру үшін іскер, креативті болуы шарт екенін айтты философ. Ғалымның пайымдауынша, қажетсіз істермен шұғылдану – босқа уақыт жоғалту, ол туралы Елбасының 2050 стратегиясында айтылып кеткен болатын. Сондықтан, іскерлік жас кезден балабақша, орта білім және жоғары оқу орындарында білім стандарты арқылы негізделмек.

Үшіншіден, Мәңгілік елге айналу үшін ғалым дәстүр мен халық дәстүрінің маңыздылығына тоқталды. Себебі қазіргі кезде Мәңгілік ел және патриотизмді тәрбиелеуде дәстүрмен діннің арақатынасы өзіне ерекше назар аудартып отыр.

Төртіншіден, Мәңгілік ел болашағы тікелей халықтың өсіміне байланысты. «Қазір әрбір

отбасы бес ұл мен қыз өсіріп, Қазақ елінің патриот азаматтарын тәрбиелеп жеткізеді деген үміттемін» – деген болатын философ.

Бесіншіден, Ел бірлігі – буындар арасындағы Сабақтастық. Ғалымның ойынша, сабақтастық – Мәңгілік ел идеясының өзегі.

Алтыншыдан, Мәңгілік ел болу үшін ғалымның ойынша, жаңаша, инновациялық ойлау қажет. Мұндай жаңашаға ойлауға елімізде өткелі жатқан «ЭКСПО-2017» көрмесінің тақырыбы «Жасыл экономика – адамша өмір сүру, лас технологиядан арылып, таза табиғи экологиялық технологияға өту» жатқызады философ.

Жетіншіден, Мәңгілік ел болу үшін, аса қажетті феномен – Жақсы Қазақ идеясы. «Жақсы Қазақ – инновациялық ұғым. Жақсы Қазақ – ел имиджі. Жақсы Қазақ атану – дәреже» деп есептейді ғалым. «Жақсы Қазақ – дәреже, атақ! Қазақ елін мәңгілік ететін – Жақсы Қазақ!» деп сөзін түйіндеді Ғарифолла Есім [9].

Біздің мемлекетіміз соңғы жиырма жылдан аса жеткен жетістіктеріне қарамастан, «Қазақстан» атауындағы «стан» жалғауы мемлекет имиджіне кері әсер етіп жатқан сияқты. Сондықтан соңғы кездері философия ғылымдарының докторы, академик әрі жазушы, сенатор Ғарифолла Есім «өзімізді Қазақ Республикасы деп жарияласақ» деген пікірді жиі көтеріп жүр.

Ғарифолла Есім: «Қазақстан Республикасы» деген – бұл біздің ресми атауымыз. Сондықтан бұл атауды қолдану – біздің азаматтық борышымыз» деген болатын. Сондай-ақ, сенатор: «Қазақ елі деген – Қазақстан Республикасының субстанциясы, мәні және мазмұны. Ал елдің атауы Қазақ Республикасы болса, дұрыс болар еді деген жеке пікірім бар» деп, қазақ елінің атауы туралы өз пікірін білдірген болатын.

Тағы да басқа осындай ой-пікірлер Ғарифолла Есімнің «Қазақ елі – Атамекен ренессансы» атты мақаласында толығымен көрсетілген. Ол «Қазақ елі» идеясына қатысты жаңа ренессансы деген ұғымды ғылыми түрде дәлелдеп шыққан. «Ең алдымен, бәсекеге қабілетті – мемлекет, содан кейін бәсекеге қабілетті идея және бәсекеге қабілетті тұлға қажет. Осы үшеуінің бірлігі қабілетті Елді қалыптастырады», – деп тұжырымдайды сенатор [10].

Сонымен, ел аты түзелгесін, оның халықаралық аренада тура жазылуына да баса назар аудару керек. Осы уақытқа дейін жазылып жүргендей, мемлекеттің атауы тікелей шет тілі – орыс тілінен – «Казахстан» деген сөзден аударылып – «Kazakhstan» емес, «Qazaq eli» деп немесе «Republic of Qazaq» деп жазылуы керек.

Өйткені қазақтың «Қ» әрпі ағылшын тіліне аударылғанда «Q» әрпімен жазылатыны анық.

Өз мемлекетін құру қазақ халқының рухани мәдениетінің әрі қарай дамуы үшін үлкен рөл атқарды. Ол формасы, тақырыбы және мазмұны бойынша әртүрлі және өткен заманның мәдениетінің жалғасы болып табылады.

Сондықтан, қазіргі өркениеттің жаһандану жағдайында және ақпараттық технологиялардың дамуында әлемнің әсер ететін басты фактор мәдениет болып табылады, яғни жас ұрпақтарға рухани-мәдени тәрбие берудің басты механизмі ретінде қарастырылады. Мұндай рухани-мәдени тәрбие беруді іске асыру отандық мәдениетті сақтау шартымен қарастырылады, себебі тек «мәдени мұралар» қазақ халқының ұлылығының және тәуелсіздігінің кепілігі. Сонымен, қазақ халқы – өзінің мәдениетін бағалай білетін және қадірлей білетін халықтардың бірі.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан экономикасын бекітіп дамытты, барлық елге танымал болды. Мемлекетімізде белсенді және мақсатқа бағытталған, бірнеше тілдер білетін және қазіргі ақпараттық технологияларды меңгерген жас ұрпақтар өсуде. Ендігі мемлекетіміздің басты мақсаты – туған жердің мәдениетін жақсы білетін, өз халқының тарихын сүйетін ұрпақтарды тәрбиелеу, яғни ең бастысы мемлекетіміздің болашағын сеніммен тапсыруға болатын ұрпақ тәрбиелеу керек.

Сондықтан, біздің көпғасырлық тарихымызды, Қазақстанның қазіргі жағдайын және республиканың динамикалық дамуын ескере отырып, Елбасымыз ұсынған «Мәңгілік ел» идеясын іске асыру үшін қазіргі жас ұрпақтың портретін сенатор Ғарифолла Есім бейнелеген болатын.

Соңғы бес мыңжылдықта Қазақстан территориясындағы көшпелі өмір сүру салты ұлттық ділдің қайталанбас келбетін, этникалық мінезді: әлемге ашық болу, төзімділік, қонақжайлық, басқа халық өкілдеріне құрметпен қарау деген сияқты мінездерді қалыптастырды. Біздің би соттары ата-бабаларымызды жат ел адамына құрметсіз қарағаны үшін айып пұл төлететін болған. Бұл ғасырлар бойы қалыптасқан қасиет, қазіргі қазақтар жоғалптақ түгелі, керісінше қазіргі жағдайларды ескере отырып әрі қарай дамытуда. Ол туралы тіпті орыс зерттеушісі Виктор фон-Герн ХХІ ғасырдың соңында былай деп жазған болатын: «Қазақ елі әлі де өздерінің қонақжайлығымен, ақкөңілділігімен және жарқындылығымен ерекшелінеді».

Сонымен қатар, міндетті түрде айта кететін жайт, қазақтардың діні ислам және ханифит масхабының сүнниттік бағыты бар. Көп ұлтты Қазақстанның құрылған уақыт бойы біз ешқандай этникалық қақтығыстар мен жанжалдарды көрген емеспіз, көрмейе қояйық та. Бірақ біз Мәңгілік ел болу үшін, рухани мәдениетімізді сақтау үшін, бейбітшілік және халқымыздың өркендеуі үшін қырағылық көрсетуіміз керек.

Қазақ халқының көпғасырлық тарихы көптеген кедергілерге қарамастан, халық сана сезімінде махаббат, өзара түсіністік, мақсат бірлігі – осының бәрін сақтап қалған. Бірлік туған жеріне деген махаббатсыз болуы мүмкін емес, сондықтан республика президенті ұсынған «Қазақ елі» идеясы патриотизм мен рухани мәдениетті құру болып табылады. Патриотизм рухани-мәдени тәрбие берудің негізі болуы керек. Біздің халқымыздың ділін, ұлттық ерекшеліктерін және тарих, мәдениет пен тіл бірлігін ескере отырып, біз «Мәңгілік елді» құрып қана қоймай, сонымен қатар біздің идеямызға басқа елдер бірлестігін қосылуға мүмкіндік береміз.

Мемлекетіміздің қазіргі даму сатысындағы «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы біздің күштеріміз бен ұмтылыстарымызды біріктіреді. «Мәңгілік ел» идеясы Қазақстанды тек мемлекет ретінде ғана емес, бірлескен ұлт ретінде көрсетеді. Біз тек экономикалық ғана емес, сондай-ақ рухани-мәдени дамуымыз керек.

Кенес Одағы ыдырығаннан кейін Қазақстан өзінің мәдениетін және экономикалық базасын құра отырып дамыды. Сондықтан, «Мәңгілік ел» – тәуелсіздіктің 23 жылдық нәтижесі, ал оның түбірі ежелгі заманда-ақ басталған болатын. Сонымен қатар, «Мәңгілік ел» идеясы барлық ұлттар пікірлері бойынша аударылмайды. Ал ең бастысы бұл атаудың түсінігі әрбір азаматтың жүрегіне жақын.

Шетелде Қазақстанды қысқа ғана тарихи мерзімде мемлекеттік құрылыста және экономикада таңғаларлық жетістікке жеткен мемлекет ретінде танымал. БҰҰ-да Қазақстанға ерекше статус «тез дамушы мемлекет» берілген. Сондықтан елбасы жаңа тарихи отандық концепцияны ұсынды – «Мәңгілік ел» идеясы. Бұл біздің мемлекетіміздің ұлттық идеясы және мемлекеттік идеологиясы. «Мәңгілік ел» барлық қазақстандықтар үшін бірден-бір тарихи миссия болып табылады, ал оның басында ұлы Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев отыр.

Мәңгілік қазақ елі болуды рухани-мәдени негізі ретінде қарайтын болсақ, онда әуелі

рухани мәдениетке не жататынын біліп алған жөн. Рухани мәдениетке адам сана сезіміндегі өнімдерді айтамыз. Оларға біріншіден тіл, шығармашылық пен әдебиет, ғылым мен өнер және дін жатады. Қазақ елінің рухани мәдениеті сонау Түрік қағанатының құлауынан кейін басталады. Содан бері міне сан ғасырлар өте, біздің рухани мәдениетіміз біршама өзгерістерге ұшырағанмен, негізгілерін сақтап қалған болатынбыз.

Әрі философ, әрі ғалым, әрі сенатор Ғарифолла Есім соңғы жылдары Қазақстанның рухани өмірі жаңа сапалы деңгейге көтерілгенін айтқан болатын. Сондай-ақ, Ғарифолла Есім Қазақстан рухани мектептердің ашылуын қолдап, былай деген болатын: «Қазіргі кезде бүкіл әлемде білім беру саласынды, оның ішінде рухани-мәдени білім беру, бәсекелестігі артуда. Біздің елде сол бәсекелестен қалмауымыз керек және бізге рухани білімді қызметшілер керек. Имамдар сапалы білімді болулары керек және ең бастысы өз отанының патриоты болуы керек, сондай-ақ біздің жетекшіміздің жүргізетін саясатын халыққа дұрыс жеткізе алуы керек».

Қазақстанның мемлекеттік құрылыс негізіне азаматтық базасында мәдени сәйкестікті құру қағидасы жатқызылады, ал қазір енді осы қағиданы нақты мазмұнмен толықтыру керек. Онжылдықтың басында мемлекет Қазақстан территориясындағы барлық ұлыстардың рухани-мәдени ерекшеліктерін қайта тудырауға бағытталды. Қазақстандағы мәдениет бірлестігі іске асты деуге болады.

Енді келесі этап – Мәңгілік қазақ елі болу үшін бірыңғай мәдени қауымдастық құру. Бірақ осы кезде сұрақ туындайды, осы мәдени қауымдастықты қалай және қандай негіздерге сүйене құру керек? Әрине, дайын жауаптар жоқ, бірақ мұндай құрылыс үшін нақты әділетті негіздер бар. Яғни, төрт негіз туралы сөз қозғалып отыр.

Біріншіден, Қазақстан және Еуразия мемлекеттерінің арасында баяғыдан бері мәдени дәстүрдің әрекеттесуі бар. Сол әрекеттесуді одан әрі дамыту керек, бірақ жаңа мәдени бөгеулерді салғызбау керек. Себебі, қазақ мәдениеті – ол алдымен, бірнеше ғасырлар бойы өңделген дәстүрлер тәжірибесі, ешқандай мақсат халық жанын, тілін және оның дәстүрін сақтаудан артық болмайды.

Екіншіден, біздің қазақстандық жағдайда мәдениет диалогы – дін диалогы болып табылады. Соңғы жылдары Қазақстанмен бейбітшілік дін диалогының жоспары Қазақстанда

бірыңғай мәдениет жүйесін құру үшін жүргізілген.

Үшіншіден, мәдени қауымдастығы біз жабық қауымдастық болған соң бірнеше мүмкіншілігі бар. Қазақстанның мәдени даласын тұрақты инновацияларсыз бірыңғай бүтіндей құру мүмкін емес. Жиырма бірінші ғасырдың қарсы шығуына біз қоғамымыздың жаңа социалистік және мәдени технологияларды қабылдауға дайындықтарын қарама-қарсы қоюларымыз керек.

Төртіншіден, Қазақстан халқының мәдени қауымдастығы тек демократиялық негіз арқылы және тек мәдениет және халық арасындағы байланыстың төзімділігін сақтау арқылы ғана мүмкін.

Қазақстан – мұхиттағы түбек емес, ол жер шарымыздың күрделі әрі қиын аймақта орналасқан мемлекет. Аймаққа қауіп төндіретін діни экстремизм және халықаралық терроризм. Қазақстанды және қазақстандықтарды діни соғыстарға тарту талпыныстары өтпейді. Себебі, Қазақстан – рухани-мәдениетіне сенген ислам елі.

Рухани мәдениеттің жаңаруы біздің қоғамның қайта жаңаруының маңызды жағдайы болып табылады. Демократиялық қоғамда мемлекеттің рухани мәдениеттің дамуына күшпен кіруге және кірісуге болмайды. Бірақ бұл рухани мәдениет басқарылмайтын сұрапыл, мемлекеттік қорғаусыз, қолдаусыз және стратегиялық басқарусыз іске асырылады деген сөз емес. Мемлекет мәдениетінің дамуына еркіндік беру керек, халықтың мәдени ерекшелігіне құқық беруі керек, тарихи-мәдени ұлттық мұраларды қорғау керек және мәдени процестерде қаржылық көмек көрсетуі керек.

Мәңгілік қазақ елі болуына негізделген рухани мәдениеттің дамуына әсер ететін негізгі фактор жаһандану. Сондай соңғы кездері, ғаламдық қарсы келуге әртүрлі мәдениетті бір ортақ, кейде бақыланбайтын ағынға жылжыту болатын. Бүгінгі күні бұған тек төзімділік мәдениеті қарсы келе алады. Ал төзімділік мәдениеті жалпы рухани-мәдениет базасында ғана пайда болып дами алады.

Жоғарыда айтылғандай, Қазақстанның рухани-мәдениетінің ерекшелігі ашықтығы және басқа мәдени ағындармен жақсы қарым-қатынаста болуы. Қазақстанның басты жетістігі – ұлт арасындағы келісім, бейбітшілік және тұрақтылық – бұл тек жай ғана жетістік емес, сонымен қатар болашағына үлкен жауапкершілік болып табылады.

Мәңгілік қазақ елі болуы үшін рухани мәдениетті әлем бойынша рухани мұралар арқы-



лы және қазіргі жетістіктермен белсендірек насихаттау керек. Ол үшін әлем мәдениетін біліп қана қоймай, шетел тілдерін меңгеру керек. Сондықтан, Елбасымыздың кезекті Жолдауында айтылып кеткен «үштіліктің» де рухани мәдениетті дамытуда маңызы зор.

Сонымен қатар, менің ойымша Қазақстанның шығыс түрік мәдениеті мен батыс славян мәдениетін біріктіретін артықшылығы бар. Себебі, қазақ халқы екі жақтың бір бірінің мәдениетіне деген қызығушылық пен құрметті тудыра білді.

Сондай-ақ, жыл сайын нарық қатынасы өсуде және кенеюде. Ол қоғамдық тұлғалардың, этникалық және қоғамдық қауымдастықтың жаңа өмір шартының жаңа механиздерінің рөлін күшейтеді.

Бірақ экономика және қоғам қатынасының реформациясында көптеген ескі рухани – мәдени құндылықтар өздерінің қасиеттіліктерін жоғалтады, олардың орнына барлық адамзат тарихындағы тұйыққа тірелген құндылықтар болып саналатын, дәлірек айтсақ, жеңіл табыс алуға құлшыну, адамдар үстінен қожалық ету және т.б. келеді. Ол сыбайлас жемқорлықтың өсуіне, экономикалық және басқа да қылмыстардың өсуіне алып, келеді, сонымен қатар, қоғамның рухани-мәдени негіздерінде үйлесімсіздік тудырады, ал ол өз кезегінде Мәңгілік қазақ елі болуы үшін үлкен кедергі келтіреді.

Сенатор Ғарифолла Есім «Мәңгілік ел» идеясын нағыз ұлттық идея деп атады. Ол идея үш параметрден тұрады деді. Біріншіден, өркениетті параметрі, бұған ең жақсы стандарттар және модельдер жатады. Екіншіден, ғасырлар тереңдігінен келе жатқан мәдениет. Біздің ата-бабаларымыздан өмір сүру формуласы жеткен: Абайдан, Шәкәрімнен, Махамбеттен. Мәдениет – ол да қозғалыс. Үшінші параметр – заңдылықты сақтау, заңы [11].

Жалпы басқа елдермен салыстырғанда біз мәдениет жағынан жаман емеспіз, көптеген дамыған елдерге жеңіліс бермейміз. Тұрақтылық және одан жақсы өмір сүру ұмтылыс – бізде бар. Енді бізге технологиялық және рухани мәдениетті дамытуымыз керек.

Сонымен, қорытындылай келе, біздің алдымызда тұрған екі мақсат бар. Бірінші мұратымыз – Мәңгілік ел атану. Олай болса, осы қадамға дейін әрі соның ыңғайына қарай Қазақ елі атануымыз керек. Жуырда болған Елбасының Жолдауында Мәңгілік Ел идеясының мәні мен маңызы, мұрат мен мақсатын айқындап берді. Мен бұл бастаманы қос қолдап қолдаймын.

Себебі, ХХІ ғасырдың жаңарған заманында Қазақстан Республикасының саясаты мен келбеті, экономикасы, ойы мен санасы да қалыптасқан елге айналады. Тәуелсіздік алғаннан бері Мәңгілік Елдің идеясына қарап бет түзеген мемлекеттің атауы да жаңаруы тиіс. Менің ойымша, Қазақстаннан «станды» алып тастап, «Қазақ елі» деп атау әбден дұрыс. Мұны қазақтан бөлек өзге бе ұлт өкілдері де қолдайды деген сенімдемін.

Қазақ елі – бұл қазақ жерінің тарихи атауы, осы атаумен тіпті орыс тарихшылары да атаған болатын, бірақ тоталитарлық кеңес уақытында Қазақ елі атауына тыйым салынған болатын.

Бұл атауды тарих ғалымдары түрік түбірінен шыққанын айтады, ал «Қазақстан» атауы персия тілінен жақындас деп айтқан. Мұндағы «стан» жалғауы персия тілінде этникалық топтардың, тайпалар мен халықтардың мекен ететін жерінің географиялық атауында қолданылады. Бүгінде Қазақстанның басқа да «стан» жалғауы бар елдермен көрші болуы, оның ішінде Ауғанстан, Пәкістан, көптеген шетелдіктерде қорқыныш пен дұрыс емес пікір тудырады. Сондықтан Қазақстан атауын өзгерту бұл келеңсіз таптаурынды жеңіп шығуға мүмкіндік береді.

Мәңгілік Ел ата-бабамыздың сан мыңдаған жылдар бойғы асыл арманы екеніне көз жеткіздік. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең, әлем қатынасынан ойып-тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану еді, ол арман тұрмысы бақуытты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық.

Қорыта айтқанда «Мәңгілік ел» бастамасы көне түркі дәуірінен аңсар арман болып, ХХ ғасырда Алаш арыстарының «Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз...» – деп жырлаған асқақ идеясының заңды жалғасы. Бүгінде, қазақ халқының қолынан бәрі келеді, біз ешбір халықтан кем емеспіз. Қазақстан әлем мойындаған тәуелсіз мемлекет, шекарамыз бекітілген. Бізге сырттан келіп ешкім басқыншылық жасай алмайды. Іштен іріткі салғысы келетіндердің арампиғылы ешқашан жүзеге аспайды. Бүгінгі Қазақстан – тізгінін мықтап ұстап, мемлекет құрушы ұлттың мүддесімен ұштастырып күллі қазақстандықтардың мұратына сәйкес келетін батыл да, салиқалы саясат ұстануға ұмтылуы қажет.

Сөз соңын, Елбасымыздың сөзімен аяқтайын: Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол



арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін

идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!

Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз – өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз!

#### Әдебиеттер

- 1 Атабаев, Қ. Ұлт және тарих: (таңдамалы мақалалар жинағы) / Қамбар Атабаев. – Алматы, 2007. – 229 б.
- 2 Махат, Д. Тіл мен діл тағдыры: тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат: (мақалалар мен зерттеулер) – Астана: Ана тілі – Ата тарих, 2007. – 190 б.
- 3 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 17.01.2014.
- 4 Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. – 232 б.
- 5 Ерлан Сыдықов. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы. – Алматы: «Pride Print» баспасы, 2013. – 108 б.
- 6 Гумилев Л.Н. От Руси к России. – М.: ООО «Издательство АСТ», 2002. – 392 б.
- 7 «АСЫЛ МҰРА» түркі антологиясы. – Астана: Сарыарқа, 2012. – 568 б.
- 8 Сыздықов С.М., Селиверстов С.В., Сыздықова Ж.С., Джаферсой Н., Кара А., Қабылдинов З.Е. Н. Назарбаевтың еуразиялық идеясы және түркі кеңістігі. Ұжымдық монография. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2011. – 404 б.
- 9 Ғарифолла Есім. Қазақ елін мәңгілік ететін – жақсы қазақ! // Айқын газеті. – 2014.
- 10 Ғарифолла Есім Стратегия 2050 – Мәңгілік жолдағы буындар бірлігі, ұрпақтар сабақтастығы. С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті. – 2013.
- 11 Ғарифолла Есім. «Мәңгілік ел философиясы» атты лидерлік дәріс. Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университет. – 2014.

#### References

- 1 Atabaev K. Ult zhane tarih: (tandamaly makalalar zhinagy) / Kambar Atabaev. – Almaty, 2007. – 229 b.
- 2 Mahat D. Tyl men tagdyry: taryhy derekter, uakyt bedery zhane akikat: (makalalar men zertteuler) – Astana: Ana tyly – Ata tarih, 2007. – 190 b.
- 3 Kazakhstan Respublikasynyn Presidenty N.A.Nazarbaevtyн Kazakhstan halkina ZHoldauy, 17.01.2014.
- 4 Nazarbaev N.A. Tarih tolkynynda. – Almaty: «ZHibek zholy» baspa uyi, 2010. – 232 b.
- 5 Erlan Sydykov. «MANGI EL» halykaralyk hylymi – kopshilik tarihi zhurnaly // Almaty, «Pride Print» baspasy, 2013. – 108 b.
- 6 Gumilev L.N. Ot Rusi k Rossii. – M: ООО «IzdatelstvoAST», 2002. – 392 b.
- 7 «ASYL MURA» tyrki antologiasy. – Astana: Saryarka, 2012. – 568 b.
- 8 Syzykov S.M., Seliverstov S.V., Syzykova ZH.S., Dzhafersoi N., Kara A., Kabyldinov Z.E. N.Nazarbaevtyн eurazialyk ideasy zhane tyrky kenystygy. Uzhyndyk monografya. – Astana: «Saryarka» baspasy, 2011. – 404 b.
- 9 Garifolla Esym. Kazak elyn mangylyk etetyн – zhaksy kazak! // Aikyn gazety – 2014.
- 10 Garyfolla Esym Strategia 2050 – Mangylyk zholdagy buyndar byrlygy, urpaktar sabartastygy. S.Seifullyn atyndagy kazak agrotehnikalyk universitety. – 2013.
- 11 Garifolla Esym. «Mangylyk el filosofiyasy» atty liderlyk darys. Al – Farabi atyndagy kazak ulttyk universitet. Ц 2014.